

Газды экспортқа сату бойынша мәмілелер бағасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 сәуірдегі № 361 Қаулысы

«Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңының 10-бабы 9-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамының (комитент) тапсырмасы бойынша 2010 жылы газды экспортқа сату кезінде (Қарашығанақ кен орнының өңделген құрғақ газын қоспағанда) «ҚазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (комиссионер) «Газпром» ашық акционерлік қоғамымен және/немесе оның уәкілетті ұйымымен жасасатын мәмілелер бойынша газдың бағасы Қазақстан Республикасы — Ресей Федерациясы шекарасы, «Александров Гай» газ өлшеу станциясында DAF шартымен 1000 текше метрі үшін 170 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*